

## Балама хат

Құралай көзі мөлдіреп,  
Кекіл шашы желбіреп,  
Алдыма келіп әрдайым,  
Сүйдіретін маңдайын,  
Қозым менің, құлыным,  
Әрі қызым, әрі ұлым,  
Дауысына үй толған,  
Көкрегіме күй болған,  
Жалықтырмас жәрмеңкем,  
Жайдары жаз ақ еркем;  
Көп түсірген ой маған,  
Алтын отым ойнаған,  
Гүлім менің құлпырған,

Құсым менің құлшынған,  
Қуанышым арнасы,  
Өмірімнің жалғасы,  
Дариғашым, бөбегім,  
Саған—осы өлеңім.  
Қағаз алып тартпадан,  
Сен жазыпсың хат маған:  
«Папа, сені сағындым»...  
Деп жазыпсың, дарындым!  
Толған жоқсың алтыға;  
Сенің тұңғыш хатыңа,  
Қараймын да мәз болам,—  
Жазшы осылай, жаз, балам!

Қырым, 1952.